

№34 орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

03.02. 2023 жыл

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар:

Комиссия мүшелері-8

Қатысқаны -12

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп психологі

Күн тәртібінде:

1. «Тәрбие мектебі - отбасы»
2. «Оқушыларға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру»
3. Наурыз мерекесін өткізу туралы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесі мүшесі Кокимова А.А, тәрбие ісінің орынбасары Утебаева Б.Р Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата-анаға деген бала махаббатын ояту, мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында “Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы” тақырыбындағы баяндамасында бала тәрбиесі, оның жан-жақты дамуы бағытында өз ойларын ортаға салды. Отбасы - адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, сол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер етеді. Әке шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер - азаматқа жүктеледі. Әйел - отбасының ұйытқысы. Баланы өсіріп тәрбиелеу - ата-ана міндеті. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу - отбасы мен мектептен алған үлгі-өнеге жиынтығының жемісі екендігін айта келе, үштік одақтың жұмысына тоқталды.

Күн тәртібіндегі екеінші мәселе бойынша мектеп психологі Ағысбаева А.А сөз алды: “Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық және қатігез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру” бойынша мектеп оқушыларымен жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қазіргі уақытта төрткіл дүниеде ата-аналардың және өзге де ересектердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі, оларды агрессияға тартуы, кәмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетулері проблемага айналып отырғандығы туралы ақпарат берді және мектепте 8-11 сынып оқушыларымен өткізілген іс-шаралар және мектеп инспекторымен өткізілген кездесулердің жиі ұйымдастырылып отыратындығы туралы айтып өтті.


Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Сагинтаева К.С сөз алды: Мектепте жылда оқушылар мен ата-аналарға, ұстаздарға «Наурыз» мерекесі атап өтілетіні белгілі. Биылғы оқу жылындада оқушыларға жақсы көңіл күйі сыйлау мақсатында ерекше аталып өтсе деп ойлаймын. Жас ерекшеліктеріне

байланысты оқушыларға түрлі сайыстар, әжелер клубының мүшелерімен қыз балаларға арналған салт-дәстүрімізге байланысты кездесулер мен көрмелер ұйымдастырылса, себебі, пандемия кезінде оқушыларға көп шаралар өткізілмеді. Осы жылы наурыз айының әр мереке күндеріне қызықты іс-шаралар өткізіліп, кластарда «Наурыз жыл басы» деп ашық сабақтар қойылса, үнемі қосымша білім беру ұйымдарынан келетін театр, сахналық қойылымдармен шектелмесе екен деп өз ойын жеткізді. Кеңес мүшелері толықтай келісті.


Төмендегідей шешім қабылданды:


2023 жылдың 03 ақпанында Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы болып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері төмендегідей шешім қабылдады:


1. Мектептегі үштік одақтың (ұстаз, оқушы, ата-ана) жұмысы жандандырылсын.
2. Оқушыларға қатысты зорлық – зомбылық және қатыгез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
3. Наурыз мерекесінің іс-шаралары мектеп оқушыларымен мектеп қабырғасында аталып өткізілсін.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  Кокимова Айнагуль Айжариковна


Қамқоршылық кеңес мүшелері:


 Мұқанов Әлімбек Серғалиұлы


 Сагинтаева Калия Сагинтаевна


 Құдайберген Орал Болатович

 Мурсалова Ақмарал Аманғалиевна

 Аймағамбетов Еділ Қонайұлы

 Даржанов Сакен Арыстанғалиұлы

 Избасханова Бағымжан Ерсегизқызы

 Балышов Ұбынғабас Бақытович